

**«Мөлдір бұлақ» бөбекжай – балабақшасы**

**«Қуаныш шеңбері»  
(Топтық ойын)**

**Педагог-психолог: С.Копжасарова**

**Қайрат ауылы**

**Түзету-дамытушылық жұмыс**

**Тақырыбы:**Қуаныш шеңбері

**Тобы:** «Шұғыла» ортаңғы топ

**Өткізуші:** Балабақша психологы

**Түрі:** Топтық ойын

**Күні:** 30.01.2026ж

**Мақсаты:**

Балалардың жағымды эмоциясын арттыру;

Топта өзара жылылық пен сенімділік қалыптастыру;

Эмоцияны еркін білдіруге жағдай жасау.

**1-ойын: «Қуаныш сыйлаймын»**

**Мақсаты:** Жағымды эмоцияны бөлісу

**Өткізу барысы:**

Балалар шеңберге тұрады.

**Психолог айтады:**

«Қазір біз бір-бірімізге қуаныш сыйлаймыз».

Психолог бір баланың жанына барып:

күлімсіреді,

басынан сипайды немесе

колын ұстап тұрады.

Сол бала келесі балаға дәл сондай «қуаныш» сыйлайды.

**Бақылау:**

-баланың эмоциялық реакциясы;

-күлімсіреуі;

-ойынға қатысуы.

**2-ойын: «Қуанышты қимыл»**

**Мақсаты:** Қуанышты қимыл арқылы көрсету

**Өткізу барысы:**

Балалар шеңберде тұрады.

**Психолог айтады:**

«Қазір мен қимыл көрсетемін, сендер оны қуанышпен қайталайсыңдар».

**Психолог:**

-қол шапалақтайды;

-секіреді;

-колын жоғары көтереді.

Балалар қимылды бірге қайталайды.

**Бақылау:**

-баланың белсенділігі;

-қимылды еркін орындауы;

-көңілкүйі.

**Қорытынды:**

Топтық ойындар барысында балалардың көңіл күйі көтеріліп, бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасағаны байқалды. Қуаныш, жылылық және жағымды эмоция атмосферасы қалыптасты. Психолог сабақты жылы сөзбен аяқтайды: «Біз бүгін бәріміз қуанышты болдық!»

## АНЫҚТАМА

**Түзету-дамытушылық жұмыс**

**Тақырыбы:**Қуаныш шеңбері

**Тобы:** «Шұғыла» ортаңғы топ

**Өткізуші:**Балабақша психологы

**Түрі:**Топтық ойын

**Күні:**30.01.2026Ж

**Қатысқан балалар:**

**Қатыспағандар:**

### **Мақсаты:**

Балалардың жағымды эмоциясын арттыру, топ ішінде жылы қарым-қатынас пен сенімділік қалыптастыру, эмоцияны еркін білдіруге жағдай жасау.

### **Өткізу барысы:**

Түзету-дамытушылық жұмыс топтық ойын түрінде ұйымдастырылды. Ойын барысында балалар шеңберге жиналып, ойынның жеңіл әрі қызықты түрде өтетіні түсіндірілді.

#### **1-ойын:«Қуаныш сыйлаймын»**

Балалар бір-біріне күлімсіреу, қолын ұстау немесе жеңіл жанасу арқылы «қуаныш» сыйлады. Ойын барысында балалардың эмоциялық реакциясы, бір-біріне жақындауы және ойынға қатысу белсенділігі бақыланды.


#### **2-ойын:«Қуанышты қимыл»**

Психолог көрсеткен қарапайым қимылдарды (қол шапалақтау, секіру, қолды көтеру) балалар қуанышпен қайталады. Бұл кезеңде балалардың қимыл белсенділігі, еркіндігі және көңіл күйі бақылауға алынды.

### **Қорытынды:**

Ойын барысында балалардың көңіл күйі көтеріліп, бір-бірімен еркін әрі жағымды қарым-қатынас жасағаны байқалды. Топта қуаныш, жылылық және қолдау атмосферасы қалыптасты. Ойын балалар үшін жеңіл, қызықты және жағымды эмоционалды жағдайда өтті.

**Балабақша психологы:**

**Қолы:**  \_\_\_\_\_

**Педагог-психологтың қаңтар айына арналған қорытынды есебі**  
2026 жылдың қаңтар айында педагог-психологтың жылдық жоспарына сәйкес психологиялық қызметтің негізгі бағыттары бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда: психодиагностика, психологиялық ағарту, түзету-дамытушылық және консультациялық бағыттар қамтылды.

**Психодиагностикалық жұмыстар:**

Ай бойы кіші, ортаңғы және ересек топтарда балалардың:

-жаңа жылдық демалыстан кейінгі эмоционалды күйі;

-есте сақтау қабілетінің дамуы;

-ойлау қабілеті;

-мектепке дайындығы

-бақылау және ойын түріндегі тапсырмалар арқылы анықталды.

Нәтижесінде балалардың көпшілігінде эмоционалды жағдайдың

тұрақтанғаны, жас ерекшелігіне сай танымдық дағдылардың қалыптасқаны байқалды.

**Психологиялық ағарту жұмыстары:**

Балалармен және педагогтармен психологиялық ағарту бағытында түрлі ойындар, арт-терапиялық жұмыстар, тренингтер өткізілді.

**Ойындар балалардың:**

-қарым-қатынас жасау дағдыларын;

-эмоцияны тану және білдіру қабілетін;

-қиялы мен шығармашылық белсенділігін

-дамытуға бағытталды.

Педагогтарға арналған тренинг барысында ішкі мотивацияны арттыру, кәсіби сенімділікті қолдау мәселелері қарастырылды.

**Түзету-дамытушылық жұмыстар:**

Ай ішінде әртүрлі жас топтарымен жеке және топтық түзету-дамытушылық ойындар ұйымдастырылды. Бұл жұмыстар:

-жағымды эмоция қалыптастыруға;

-өзін-өзі бағалауды қолдауға;

-эмоцияны басқару мен реттеуге

-бағытталды. Балалар ойындарға белсенді қатысып, жағымды эмоционалды күй көрсетті.

**Консультациялық жұмыс:**

Ата-аналарға арналған кеңес барысында сөйлеу қабілеті бұзылған балаларда моториканы дамыту жолдары түсіндіріліп, үй жағдайында қолдануға болатын практикалық ұсыныстар берілді. Ата-аналар тарапынан қызығушылық пен кері байланыс байқалды.

**Қорытынды:**

Жалпы алғанда, 2026 жылғы қаңтар айында педагог-психологтың жұмысы жоспарға сай, жүйелі және тиімді жүргізілді. Өткізілген іс-шаралар балалардың эмоционалды жай-күйін жақсартуға, танымдық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға, педагогтар мен ата-аналардың психологиялық сауаттылығын арттыруға оң әсер етті.

**Балабақша психологы:**

Қолы: 